

ЦИКЛОГРАММА
Бір аптаға 20.12-24.12.2021ж
«Қарлығаш» ортаңғы тобы.
4-апта

Өтпелі тақырып: **«Менің Қазақстаным»**

Тақырыбы: **«Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)»**

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесіу Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б) Таңертеңгі гимнастика (5 мин). Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.00-9.10	Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
		«Біз балабақшаға барамыз» үстел үсті ойыны «Шамдар» Мақсаты: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.	Баланың балабақаша аумағынан сыртқа кетіне болмайтыны туралы әңгімелесу. «Көп және біреу» Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.	«Көліктер» туралы әңгіме Мульттоптама көру «Түрлі-түсті жолақтар» Ойынның мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.	Мазмұнды рөлі ойын: «Құылысшы» Мульттоптама көру «Ұзын және қысқа» Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру	Мазмұнды рөлі ойын: «Шаштараз» Мульттоптама көру «Кеңістік» Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.

		Жаттығулар кешені				
Таңғы ас	9.10 9.30	<p>Ойын жаттығу (мысалы: Слдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің маңдайың)</p>				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	9.30-9.45	<p>1.Сөйлеуді дамыту «Қысқы серуен» Сурет бойынша әңгіме құрастыруды үйрету.Қыс мезгілін сипаттай білуге үйрету, сөздік қорларын дамыту. Сөз тіркестерін дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>	<p>1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Жоғарыда – төменде.Алыс – жақын Мақсаты: заттардың суреттегі және өзіне тікелей байланысты кеңістікте орналасу бағытын ажыратып, атап көрсету қабілетін дамыту (жоғарыда – төменде). Міндеттері: заттардың суреттегі және кеңістіктегі бағыттарын ажырата және атай білулерін дамыту</p>	<p>1.Жаратылыстану «Бөлме өсімдіктері» Балалардың табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы білімдерін арттыру.. Фикустың күту ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту; өсімдіктерді жапырақтарының ерекшеліктеріне қарай отырып, тазалықта ұстау қабілеттілігін орнату; бөлме өсімдіктеріне деген күтім мен қызығушылықты тәрбиелеу.</p>	<p>1.Көркем әдебиет «Қасқыр мен жеті лақ» (ертегі) Ертегіні оқу, тіл байлықтарын молайту, ертегінің мазмұнын, дауыс ырғағын келтіре айтуға жаттықтыру, қиын кезде достарына көмектесу білуге тәрбиелеу</p>	<p>1.Орыс тілі «Моя родина – Казахстан» Рашширять и уточнить знания детей о своей стране, вызвать желание больше узнать об истории её независимости. Учить правильно, называть на русском языке государственные символы, батыров (Махамбет батыр, Богенбай батыр, Наурызбай батыр,Абылай хан). Учить детей подбирать слова на русском языке с заданным звуком р.</p>

	9.50-10.05	2.Музыка	2.Дене шынықтыру 1. Мақсаты: еденде жатқан жалпақ шығыршыққа екі аяқпен екпінмен серпіле секіріп, аяқтың ұшына тұруды; педагогтің лақтырған добын қағып алу және кері лақтыру және допты саусақтарды еркін ұстап, алақанмен қағып алуды үйрету. Алаңның бір шетінен екінші шетіне жүгіруді бекіту.	2.Музыка	2.Дене шынықтыру 2-3.Мақсаты: допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыруды үйрету. Допты лақтырған соң қолды тұзу ұстауды бекіту. Қимыл үйлесімділігін, сап-тізбекте өз орнын таба білу қабілеттерін дамыту.	2.Дене шынықтыру 2-3.Мақсаты: допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыруды үйрету. Допты лақтырған соң қолды тұзу ұстауды бекіту. Қимыл үйлесімділігін, сап-тізбекте өз орнын таба білу қабілеттерін дамыту.
	10.15-10.30		3.Сурет салу «Қар кесег» Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түспен ақ түстің бір-біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Тіс пастасына сұқ саусақты малып, қар кесегін салуды үйрету..			

Серуен:	10.35-10.45	<p>Желді бақылау. Жел бар ма, әлде жоқпа? Мақсаты: Балаларға жел туралы түсініктерін кеңейту Еңбек: Учаскедегі қоқыстарды жинау Балалармен жеке жұмыс: Көбелек туралы өлең айту Ақпын, сарымын, көкпін, Түрлі-түсті көкпін Жүрем өзім жайнап Арасында шөптің Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.</p>				
Серуеннен оралу.	11.45-12.00	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті				
Түскі ас	12.00-12.30	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі				
«Тәтті ұйқы»	12.30-13.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	13.00-15.00	<p>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени гигиеналық дағдыларды орындау. Ойын жаттығу (мысалы: Слдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің маңдайың)</p>				

Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму картатекасына сәйкес жеке жұмыс	15.20-16.00	Ойын: «Күн мен жаңбыр» Аула ойыншықтарымен ойын.	Ойын: «Арқан ойын» Мақсаты: арқаннан ептілікпен секіруді үйрету.	Вариативтік компонент: Шығармашылық № 8 «Үйшік» Қуыршаққа арнап үй саламыз Үшбұйыш және шаршыны бейнелеу арқылы үйдің суретін салуға үйрету. Сурет салуға деген қызығушылығын тудыру. Өз бетінше сурет салуын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Ойын: «Епті бол!» Мақсаты: зейінді дамыту, допты лақтыруға және қағып алуға жаттығу.	Ойын: «Секіргіштер» Мақсаты: жеңіл секіру дағдыларын жетілдіру.
		Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Қардың»(сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру «Мен қармен ойнауды жақсы көремін» Мақсаты: баланың сөздік қорын отбасы мүшелерін атап, сөздік қорын байыту.	Дидактикалық ойын «Жыл мезгілдерін ретімен қой» Мақсаты: баланың сөздік қорын отбасы мүшелерінің атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дидактикалық ойын «Біздің үйдің есігін тап?» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Кешкі ас	16.00-16.20	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс;				
Балалардың үйге қайтуы	16.20-16.45	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

